

егемен

Казакстан

Салт-сана салтанаты

Менің шетелдерден жаздырып алатын журналдарымның бірі түркиялық «Қардеш қалемлердің» («Kardesh kalemler») қолыма тиген кейінгі санында біздің Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы тұтас жарияланған екен. Өз ұстанымы бар халықаралық әдеби журналдың мына мінезі ұнап қалды. Қалай ішің жылымасын? Суреттермен көркемделген журналда тілектес ағайынның ықтиятты ықыласы андағайлап, ашық аңғарылып тұр. Демек, мұның Қазақстанда басталмыш оң өзгерістерге түрік қандастарымыз да бейжай қарай алмайтынын білдіретін игі нышан болғаны. Әйтпесе, еліміздегі өтіп жатқан әрбір оқиғаға дүрбі салып немесе өзі сусын ішкен саптыаяқтың сабынан қарауыл қарап, тырнақ астынан кір іздеп отыратындар да жоқ емес.

Ағылшынның ұлы ақыны Джон Мильтон: «Өзін өзі басқара алмай жүріп, өз құмарлығының құлына айналған ұлт лажсыздан басқа қожайындардың құлдығына түседі, сөйтіп, оларға өз ықтиярынан тыс еріксіз қызмет қылатын болады» деген екен. Қанша ғасыр бұрын айтылғанмен бүгінгілер құлақ асатын, сақтандырған сөз. Демек, бір ел басқа елге тәуелді болмауы үшін ең алдымен өзін өзі басқара білуі, екіншіден қанағатты бола білуі керек екен. «Базбір қатын бала таппайды, тапса қоярға жер таппайды» дегендей, тәуелсіздікті алып алған соң онымен не істерін білмей, билікке таласып, қырықпышақ қантөгіске ұшыраған елдер де баршылық. Құдай бетін әрі қылсын. Олардың қасында, біздің еліміз бірден даңғыл жолға түсіп кетпесе де, тар жол тайғақ кешуде дұрыс бағыт таңдағанына сансыз шүкір айтуымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мемлекеттік саясаттың бетін ұлттық-рухани тамырдан нәр алуға бағыттап, бұра білуімен маңызды да бағалы деп айтар едім. Мақала авторы жаһандану дәуірінде өз бетімізді жоғалтпауымыз үшін қанымыздан, ділімізден, рухымыздан айырылмауымыз керек деген ұғымды қазықтай қағып беріп отыр. Мәдениеттану ғылымында «прогрессивті консерватизм» деген ұғым бар. Бұл әсте де керітарпалықты әспеттеу емес, ескінің бойындағы жақсылықтың дәнін дәріптеп, топырағын түптеу, көнеден келген көмбені күптеу, ежелгі рухани қазынаны құрметтеу. Біздің бағзыдан жеткен салт-санамыз, әдет-ғұрпымыз, ұлттық болмысымыз ғасырлар аласапыранынан осы «прогрессивті консерватизмнің» арқасында аман қалған. Ұлттық код дегеніміз – бұл ата-бабадан келе жатқан рухани қазына, тарихи дәстүр, мәдени білім, сана-сезім. Біздің «ата мұра», «мәдени мұра» деп жүргеніміздің нақ өзі. Әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз, тарихымыз, өнеріміз, ауыз әдебиетіміз, жазба әдебиетіміз бәрі қосылып келіп, ұлтымыздың мәдени кодын құрайды. Бұл – батыстың ақпараттық экспансиясына ұшырап отырған мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі үшін, халықтың өз тілі мен ділінен айырылып қалмауы, дүбәра жұртқа айналмауы үшін аса маңызды кілт. Мақалада қозғалған бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы туралы қадау-қадау тақырыптардың әрқайсысы біздің келешектегі даму жолдарымыздың алғы-

шарттарын меңзеп, белгілеп беруімен бағалы. Сонымен қатар, таяу жылдарда атқарылуға тиісті латын әліппесіне көшу, «Туған жер» мемлекеттік бағдарламасын, «Заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жасау, «100 жаңа есім» жобасы арқылы ұлтымыздың мақтаныштарын ұрпақтарға үлгі ету, т.б. көзделген жоспар-ниеттердің қай-қайсысы да, қазақ деген халқымыздың сусаған тамырына нәр болып құйылуға тиісті шаралар дер едім. «Айтпаса сөздің атасы өледі». Қаріп ауыстыру жөнінде менің өз ойым бар. Ол ой былай туған. Сонау жылы Мысыр елін 20 күн аралап, күлден түлеп ұшқан Құмайқұстай қайта бой көтерген әйгілі Александрия кітапханасында болғанымда, қазіргі заманның архитектурасымен салынған әсем ғимараттың дөдегесінде ақшаңқан мәрмәр тасқа бәдіздеп қашалған жер бетіндегі бүкіл әліпбилердің үлгілерін көрдім. Шумер таңбалары, жапон, қытай, кәріс иероглифтері, араб-парсының өрнек жазуы, кириллица, латиница, жөйт, грузин, арамей жазуларының қақ ортасында «менмұндалап» тұрған көне түріктің сына жазуы көзіме оттай басылғанда кеудемді қуаныш кернеді. «Міне, біздің ата-бабамыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесі!» дедім... (Солдай жаздым да...) Сонда Күлтегіннің көктасындағы көне жырымыздың жасампаз жолдары жадыма оралды: «Түрік халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қара терімді сықтым, қызыл қанымды ағыздым... өлімші халықты тірілттім, жалаңаш халықты тонды, аз халықты көп қылдым...». Сонда маған: егер біз жүз жылдығымызды ойлайтын болсақ – латыншаға көше берейік, ал мыңжылдығымызды ойласақ – көнетүркі әліппесін тірілту дұрыс болар еді деген ой келген. Өйткені, сол көне түркілік сына жазуларда біздің генетикалық кодымыз сақталған. Мәңгілік ел боламыз десек – түптің түбінде өзіміздің мәңгілік төл әліппемізді қабылдауымыз керек деп санаймын. Бұл біздің қазақ халқының әлемдік өркениетке қосар үлесі, ұлттық бренд болар еді. Ежелгі Израиль елі өздерінің ықылым замандағы ұмытылған әліппесін тірілтіп алғанына әлем қуә. Ендеше, ерте ме, кеш пе, біздің де таста қалған төл әліппеміздің тірілер күні туар. Күндердің күні болғанда... Мәңгілік Елдің мәңгілік әліпбиі қына жұққан көне тастан бас көтеріп, қағаз бен компьютерге көшеріне, келешектің тарихын жазуға, болашақтың ұлы әдебиетін туғызуға қолданылатынына еш күмәнім жоқ. «Заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген ең озық әдеби шығармалар Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші 6 тіліне аударылатын болды. Бұл – біздің алдыңғы толқын ағалардың жүрек түкпірінде кеткен арманы еді десек артық айтқандық емес. Олардың ойы бүгін іске асып жатса, заманның түзелгені емей немене? «Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасында білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек», деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Қазақ тілінде гуманитарлық саладан әлемдегі ең озық 100 оқулықты аударып шығару жобасының білім саласында келешекке кең жол ашатыны анық. Бұл күнде «оқулық» десе ішіміз қылп ете түсетін болды. Өйткені, «келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деп ақын Сара апамыз айтқандай, бүгінгі мектеп оқулықтарының

деңгейі өте төмен түсіп кеткен. Әсіресе, төменгі сыныптардың оқулықтары қалай болса солай жазылған. Баланы қойып, жоғары білімді үлкен адамның өзі әрең түсінетін екіұшты тапсырмалар мен сабақтар кездеседі. Бұл – қазіргі кезеңде білімі осал буын тәрбиелеп жатырмыз деген сөз. Сондықтан, Президент мақаласындағы әдебиет, мәдениет, философия, саясаттану, психология пәндерінен әлемдегі ең үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аударып, біздің оқушыларымыздың игілігіне ұсыну деген мәселе аса жауапты да сауапты іс болмақ. Бұл оқулықтарды аударғанда да біздің балалардың ұлттық санасына зияны тимейтіндерін әбден сараптап, іріктеп-сұрыптап алу керек. Халықтық менталитетіміз міндетті түрде ескерілгені жөн. Ал Елбасының сол кітаптарды шығару үшін «Ұлттық аударма бюросын құру керек» деген тапсырмасына ерекше мән бермесек болмайды. Меніңше, сол аударма бюросын құруда аса талантты, тілге бай белгілі қаламгерлерімізді іске тартып, міндетті түрде тәржімаға қатыстыру қажет деп санаймын. Әйтпесе, қандай ғажап оқулық болса да сапасыз аудармамен алысқа бармайды. Сондай-ақ, осы құрылымш бюроның үздік әдебиеттерді қазақ тілінен тікелей әлемнің 6 тіліне аударатын төте тәржіма бөлімін неге ашпасқа деген ой қылаң береді. Қазіргі уақытта елімізде кез келген ана тіліндегі шығарманы көптеген шет тілдеріне көркем деңгейде аударып алатын кадрлар жеткілікті. Осы орайда, бұрын белгілі қаламгер Кеңес Юсупов іргесін қалап кеткен «Әлем әдебиеті» журналын қайта қаржыландырып, сондай-ақ, қазақ әдебиетін ағылшын тіліне аударумен айналысатын жаңа әдеби журнал ашу қажеттігін күн тәртібіне енгізетін мезгіл жеткенін айту ләзім. «Ұлттың жоғын ұйықтап жүріп емес, ояу жүріп іздеу керек... Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Біздің кемшілігіміз – әркім тарих арқалатқан жүкті белгілі жерге апармай, соңындағыларға тастап кететіндігі», – деген екен Алаштың Әлиханы. Осы пікірдің салмағы ауыр. Мылқау балық болғанмен, мылқау халық болмайды. Өз тілін білмейтін және білуге талпынбайтын адам өзгенің тілінде сөйлейді, басқаның әнін әндейді және туған ұлтын бүкіл әдет-ғұрып, салт-санасымен, күллі рухани байлығымен қоса басқаға күнкөріс қамына сатып жүргенін сезінбейді, білсе де мойындағысы келмейді. Ал ана тіліңнен бас тарту деген – Отанға опасыздық жасағанмен пара-пар. Ал «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тіл туралы заңға өзгеріс енгізу жөнінде тікелей мәселе қозғамағанмен, мемлекеттік тілге деген мемлекеттік көзқарасқа өзгеріс енгізуімен де маңызды деп білемін. Осы мақаланың аясында «Туған жер» сияқты ауыл өміріне оң ықпалы тиетін мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қазақтың киелі өңірлері қамқорлыққа алынуда. Игілікті, ізгілікті істерімен көп көңілінен шығып, ел аузына іліккен асыл азаматтарымыз ұлықтала бастады. Бұл да болса, адамзат өркениетіне ұлт, халық болып үлес қосу дегеніміз – жеке тұлғалардың үлесінен бастау алатынын естен шығармаудың бір мысалы. «Мәдениет – Адам атаның әбүйірін жапқан жапырақтан басталған, сол жапырақ жұлынған сәтте аяқталады» деген сөз бар. Үзеңгі мен дөңгелекті ойлап табудың өзі кезінде цивилизацияның ұлы жаңалығы болып

табылған. Ал мәдениет – өркениеттің ең биік сатысы. Мәдениет жоғарылаған сайын еңбек те жоғары бағаланады. Мәдениеттің халықтарға қалай өмір сүруді үйрететін ұлы ұстаз екенін бұрынғы ғұламалар тегін айтпаған. Ал біз қос қолымызды көтеріп қолдап отырған Рухани жаңғыру мәселесі осы мәдени өркендеудің алғы шарты. Бүгінгі Астана бұдан жиырма жыл бұрынғы Ақмола емес. Сәулеті келіскен, дәулеті шалқыған, салтанаты асқан, әлем көз тіккен шаһарға айналды. Айналасын жасыл желек – орман көмкеріп, бұлтқа қанат сермеп, аспанмен арбасқан, көшесі самаладай жарқыраған заманауи қала дүниенің көз жауын алатыны ақиқат. Қазіргі заманда қай мемлекетте болмасын ауыл тағдыры мегаполиске байланысты, астанасыз ауыл – ескексіз қайық болса, ауылсыз астана – тамырсыз бәйтерек. Бұл күнде қай қазақтың баласы «қайырымды қала тұрғыны» болғысы келмейді дейсің? Бүгінгі замандастарымызға әл-Фараби айтқандай «қайырымды қаланы» өз қолымен орнату мүмкіндігі тиіп отыр. Сондықтан, біздің Астана халқымыздың жан-жүрегіне қанша қымбат қала болғанымен, жан-қалтасына да сонша қымбат қала болмауын жан-тәніммен тілеймін. «Қоғамнан тыс адам – не Құдай, не айуан» деген екен Аристотель. Біз о бастан Құдай емес, пенде болып жаратылғаннан кейін, алмағайып айуанға айналып кетпес үшін, өз қоғамымызды ізгілік пен әділдіктің, ақиқат пен ар-ұжданның негізінде құруға тырысуымыз заңды. Жаһандану дәуірінде әлемдік иірімге жұтылып, өз болмысынан, өз беті, өз даму эволюциясынан ажырап, айырылып қалудан сақтанбайтын, ертеңіне алаңдамайтын ұлт жоқ. Мұндайда ұлттық мәдениет көмекке келмесе экономика мен саясаттың қасаң қағидаларынан қайран бола қоймайтыны анық байқалды. Өйткені, бүгінгі әлемдік экономика өсімқорлыққа негізделген. Ал өсімқорлық ежелден халық санасында күнәһарлықпен пара-пар саналады. Өсімқорлыққа дінде де тыйым салынған. Ал қазіргі заманда бүкіл әлемдік қаржы орталықтарының бәрі, күллі банктер өсімге несие берумен айналысады. Бұл – біз жақтырайық, жақтырмайық – бүкіл дүние жүзінде билік құрып, тасы өрге домалап отырған капитализмнің шын бет-бейнесін танытады. Тарих талқысында пешенемізге жазылып, талайымызға тиген қоғамдық құрылымның ығында кете бермей, азаттығымызды ардақтау, тәуелсіздігімізді сақтау үшін, басымыздан өткен бодандық шылауынан, отаршылдық сарқыншақтарынан ада-күде құтылу бірер жылдың ісі емес, күрмеуі қиын, кілті қиындағы құбылыс. Ал капитализмге түбегейлі бет бұрған ел ретінде өз жолымызды салған кезде, ұлттық негіздерімізге, атабабадан жалғасып, үзілмей жеткен құтты білік пен құнарлы білімге сүйене білуіміздің аса қажеттігін тап басып танып, көпке жөн сілтеудің өзі көрегендік. Салты мықты елдің халқы да мықты болады. Сондықтан да, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – салт-санамызды нығайтуға, білімімізді жетілдіруге, мемлекетіміздің кемесін әлемдік бәсекелестіктің буырқанған мұхитынан аман-сау алып өтуге жол көрсетуімен құнды. Еліміздің ертеңі жарқын болсын!

Ұлықбек Есдәулет, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

!

